

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ

---

# АБАЙТАНУ

ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР

VII том

Алматы  
«Қазақ университеті»  
2016

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

А 13

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология, өдебиеттану және әлем тілдері факультетінің Ғылыми кеңесі және*

*Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған*

*(№1 хаттама б қараша 2015 жыл)*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жасындағы*

*Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалған*

#### ҒЫЛЫМИ-РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

Ж. Дәдебаев (терага), О. Әбдіманұлы, З. Бисенғали, Т. Есембеков,  
А. Жаксылықов, Қ. Мәдібаева, Ж. Молдабеков, З. Сейітжанов, Ә. Тарак,  
А. Темірболатова, Ж. Тілепов, Р. Тұрысбек, П. Бисенбаев (хатшылар тобының  
жетекшісі), И. Әзімбаева (жаяупты хатшы), Ә. Жапарова (хатшы)

#### Пікір жазған

филология ғылымдарының докторы, профессор Ә. Тарак

#### Жалпы редакциясын басқарған

филология ғылымдарының докторы, профессор Ж. Дәдебаев

#### Құрастырып, түсінкітерін жазғандар:

П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ

#### Жаяупты редактор

филология ғылымдарының докторы, профессор Ж. Тілепов

А 13      **Абайтану.** Таңдамалы еңбектер. VII том. Ойлар мен толғаныстар / құраст., түсінік. жазғ.: П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ; жаяупты ред. З. Бисенғали; жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 307 б.

**ISBN 978-601-04-1617-8 (ортак)**

**ISBN 978-601-04-1681-9 (VII том)**

Жетінші томда Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының шығармашылық мұрасы туралы тәуелсіздік жылдары жарық көрген таңдамалы еңбектер топтастырылған. Оларда Абайдың шығармашылық тұлғасы мен әдеби мұрасының, даналауқ ойлары мен суреткерлік өнерінің тарихи мөні мен бүтінгі күн үшін маңызы көрсетілген. Кітап абайтанушыларға, магистранттар мен докторанттарға, Абай әлемін терең тануға талаптанған көпшілікке арналған.

Том 3979/ГФ4 – «Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын пәнаралық зерттеу» бағдарламасы аясында дайындалып, жарық көріп отыр.

**ӘОЖ 821.512.122.0**

**КБЖ 83.3(5Каз)**

ISBN 978-601-04-1617-8 (ортак)

ISBN 978-601-04-1681-9 (VII том)

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жасындағы  
Абай ғылыми-зерттеу институты, 2016

**Мәмбет Қойгелдиев**

## **АБАЙ ТҰЛҒАСЫ МЕН МҰРАСЫНЫң ҚАЗАҚ ТАРИХЫНДАҒЫ ОРНЫ**

Абай тақырыбы, яғни, ұлы ойшыл күн тәртібіне қойған қоғамдық мәселеге деген көзқарас – бұл ұлт үшін, оның зиялыштар қауымы мен басқарушы элитасы үшін әрқашан да кемелдіктің өлшемі мен көрінісі болып келді. Бұдан жүз жыл бұрын қалыптаскан бұл рухани құбылыс бүгін де өз күшін жойған жоқ, іргелі дәстүрге айналды.

Абай тұлғасы мен оның мұрасы қазақ мәдениеті үшін мәңгі құбылыс десек те, оларды тұра түсіну үшін тарихи таным және көзқарас қажет. Яғни, Абай шығармашылығын ол өмір сүрген тарихи уақыт және ортамен тығыз байланыстаған қарап тұра түсінуге болады.

Ал, Абай XIX ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген тұлға, оның кемел шығармашылыққа ден қойған мезгілі осы жүзжылдықтың соңғы ширегіне тұс келеді.

Сондай-ақ Абай қол бастаған батыр немесе қоғамдық қозғалыстың басында тұрған саясаткер де емес. Ол – ойшыл, ақын, шығармашылық иессі. Олай болса, Абай тұлғасы мен шығармашылығы белгілі бір тарихи кезеңге байланысты қаралып, ерекше жалпылттық құбылыс ретінде бүтінгі заманға қатысты өзектілігі айқындалуы туіс.

Тарихи тұрғыдан алғанда, Абайдың алдында қоғамдық ойда «Зар заман» атанған кезеңнің Шортанбай, Мұрат және Дулаг сияқты өкілдері тұрса, сонында Алаш қозғалысына белсенді ат-салысқан Ахмет, Міржақып, Мағжан, Сұлтанмахмұт, Жұсіпбек, Омар Қараш бастаған шоғыр тұр.

Абайдың тұлғасы мен шығармашылығын осы аталған қоғамдық ой арнасы мен ағымындаған тұра түсініп бағалауға болады.

«Зар заман» мектебі ақындары жырлаған ойдың өзегі – империялық биліктің құзырына өткен атамекенді, жермен бірге

көзден ұшқан саяси еркіндікті жоқтау. Саяси тәуелділіктің бұғауы алқымына бата бастаған қоғамның рухани күйінің көтерінкі болмайтындығы белгілі.

Шортанбай, Дулат, Мұрат шығармашылығында бұлдыңғыр болса да, сол кездегі отарға айналған Қазақстан үшін шарасызылдықтың не екендігін түйсіну бар. Патшалық билік – ендігі уақытта Бұқар заманындағыдан беймәлім, бұлдыңғыр емес, көзбен көріп, жүрекпен сезінуге боларлық нақты, шындыққа айналған күш. Оған қарсы тұрарлық елдің халі де жоқ, ауызбірлік кеткен, өзара алауыздық үстемдік алған, елдің атқамінер «жақсылары» аға сұлтандық, болыстыққа таласып, «алтын тұғыры ағашқа» айналып, «қан шықса, елін жұлмалар, қасқырменен аралас» халге жеткен. Қолға қылыш, найза алып, атқа отырып, батырлық құрадар, Мағжан айтқандай «ер заманы» (XVIII ғ.) өткен. Соны түйсінген Шортанбай акын «Енді еркіндік заман жоқ, дүшпанның құрған торы бар, Ендігі жүрген жігіттің, мандайында соры бар», – деп зарлады.

«Зар заман» ойшылдары елден береке мен бірліктің кету себебін жалпыелдік мұддені аяқ асты еткен қазақ ұлықтарынан, ел арасы ұсақ дау-жанжалмен күн көруге ойысқан сұлтандардан көрді. Яғни, елдің болашағын ақылды да айланып билеуші топтың мақсатты қызметімен байланыстыруды.

Жалпы алғанда, «Зар заман» мектебі XIX ғ. алғашқы жартысы мен орта тұсындағы қазақ өмірінің көркем ойдағы құр шағылысы ғана болып қойған жоқ, сонымен бірге оның терең дағдарыска ұшырағандығының да көрінісі болды. «Зар заман» – өзін-өзі басқару мүмкіндігінен айрылған халықтың тірелген тығырықтан жол тауып алып шыға алатын күштің өз ішінде жоқ екендігін терең сезінген көнілдің күйі.

Исатай Тайманұлы, Жоламан Тіленшіұлы, Кенесары Қасымұлы бастаған азаттық үшін қозғалыстардың женіліс табуы қазақ қоғамдық ойындағы дағдарысты терендете түсті.

Қазақ елінің еңсесін басқан, міне, осындағы ауыр кезенде Шынғыстаудан шыққан күніреніс пен үміт аралас Абай үні қазақ сахарасын аралап кетті.

Абайдың қазақ қоғамдық ойы мен тарихындағы өзінен бұрынғы ақыл-ой иелерінен айырмашылығы қандай деген сауал қойып, оған жауап іздер болсақ, онда мынадай жағдайды еске алған жөн сияқты.

Абайдың тұлғалық қалыптасуын баяндауға келгенде зерттеушілердің көпшілігі (аса құрметті Мұханнан, Мұхтар Омарханұлынан бастап), неге екені белгісіз, Батыс пен Шығыстың қайнар көздеріне басымдылық беретіндігі байқалады. Ұлы ойшылдың жастиқ шағында Шығыс классиктерінің, ал кемел шағында Батыс ақындарының ықпалында болғандығы айтылады. Бұл мүмкіндік заман ауанынан туындаған ғылыми әдіс те болар.

Абай сияқты тарихи тұлға Батыс пен Шығысты тел емген деген пікір басым алған сәтте бүгін, яғни Абайды жаңаша түсінуге мүкіндік туған жағдайда, «ойшылды өмірге әкелген топырақ пен ортаның жазығы қандай еді?» деген сауал көнілге орала береді.

Іә, Мұхтар Әуезов айтқандай, Абайдың екі бірдей нәрден, яғни, Шығыс пен Батыстан сузындағаны рас, сонымен бірге басы ашық нәрсе сол, Абай ең алдымен, әуелде «жақсы жайлай өзгеше бір қоныс» (бұл да М. Әуезовтен) қазақ деген топырақ пен ортада жапырақ жайған биік шынар емес пе?

Мың жылдық алып бейтеректің құнарлы топырақтағана тамыр жая алатындығы сияқты, Абайдай кемел ой иесінің де бой көрсетуі XIX ғасырдың соңғы ширегіндегі рухани жаңғыруды аңсаған қазақ қоғамындағаға мүмкін еді. Басқаша айтқанда, қазақ аталатын ұлттың, қалыптасқан мәдениеттің соған дейін қорланып қалған мұңы мен шері, арманы мен мақсат-мұддесі, үміті мен күдігі Абай болып сөйлемді, Абай өлеңдері мен қара сөздері арқылы сыртқа жанартай болып шықты. Бұл түрғыдан алғанда, Абай – жинақы, нышанды құбылыс. Ол – бір Алланың қолдауымен XVIII, XIX ғасырдың қаһарлы сынынан аман-есен өтіп (өте алмай қалған халықтар да бар!), олардан да күрделі XX ғасырдың табалдырығына аман-есен жеткен қазақ деген ұлттың рухани болмысын ымырасыз талдауға алып, сынап-мінеу-ге хақылы тұлға дәрежесіне көтерілген адам, яғни болашақтан

үміті зор, бірақ оған даярлығы аз, бойында күш-куаты мол, бірақ оны орнымен жұмсауға олақ халықтың қыын-қыстау сәтінде жанашыр ұстазы болып сөйлеген тұлға.

Кезінде, идеологиялық ұстанымдарға сәйкес, Абай тұлғасы мен мұрасын қаранды қазақ қоғамына қарсы қоя отырып талдау үрдісі үстем болды. Мұндай мақсатты ұстаным өз нәтижесін берді де. Қазақ өмірі, қазақ ортасы мен ақын тұлғасы, ақын мұрасы арасында алшақтық, сәйкессіздік өмірге келді. Абайдың XIX ғасырдың сонындағы қазақ қоғамындағы қалыпты жағдайға сана-лы түрде қарсы шыққан тұлға екендігін баса айта отырып, сонымен бірге біз көп жағдайда бұл ұлы ойшылдың бар болмысымен сол кезеңдегі қазақы тұрмыстың, оның мәдениеті мен қоғамдық ойының жинақы көрінісі болғандығын ескере бермедік. Басқаша айтқанда, Абай – қазақ жүрттына Батыс пен Шығыстың әдебиеті арқылы келген қондырғы элемент (маргинал) емес, Абай қазақ топырағынан бой көтерген, оның отына күйіп, суығына тоңуға даяр толық табиғи төл тума құбылыс.

Абай – қазақ тарихындағы алғашқы ұлт ақыны. Ол рулық немесе жүздік мұддеден алыс кеткен, тіпті оған қарсы құбылыс. Оның ұлтшылдығы XVIII ғасырдағы Бұхардан да, XIX ғасырдағы ұлы шоғыр – Мұрат, Дулат, Шортанбайдан да жоғары тұр. Өйткені Абайға дейін қазақ халқының ұлттық болмысы мен табиғатын дәл де терен ашқан басқа талант болған емес. Бұл – біріншіден. Екіншіден, сондай-ақ Абай сияқты отарлық тәуелділік кезеңіндегі қазақ қоғамының ұлттық трагедиясын терен жанашырлықпен ұғынып, оны ұлы талантқа лайық деңгейде ашық жария етіп, сол арқылы сонына ерген зерделі ұрпаққа жол көрсетіп, жалпы ұлттың ұстазы дәрежесінде мойындалған басқа тарихи тұлға жок.

Кеңестік кезеңге тән әдебиетте Абайдың ел басқару ісіндегі белсенді қызметі, осы бағыттағы ізденістері жөнінде мардумды мәлімет берілмеді. Бұл реєми идеологиялық ұстаным тудырған жағдай еди.

Біз бұл арада Абайдың белсенді қызметін арнайы бөліп айтуды жөн деп білеміз. Өйткені, зерделі зерттеуші Бейсенбай

Байғалиевтің басып айтқанында, соңғы жылдарға шейін, қазір де белгілі себептерге байланысты, «Ұлы ақынның ел басқару саласында атқарған кәделі қызметі түбегейлі зерттелмей қалды».

Архив құжаттарының көрсетуіне қарағанда, Абай Құнанбайдың саналы өмірінің 18 жылын ел басқару ісіне арнап, оның 12 жылында болыс, 6 жылында би болып, ғұмырын әр қылыштыс-тартысқа толы оқигалар толқынында өткізеді [1, 27-28].

Ұлы ақынның турашылдығы мен ел мұддесіне қатысты мәселелерде өз жауларымен ымырасыздығы оған ұзақ мерзім істі болуына да негіз болды. Бұл егес үзіліп-созыла келе 1903 жылы 25 көкекте ақын үйіне жүргізілген полицейлік тінтумен аяқталады. Тінтуге себепші болған билік тарапынан белгілі тұлғаға көрсетілген саяси сенімсіздік еді [1, 44-65].

Атқа мініп, ел басқарып, мемлекет ісінде сенімділік таныткан Абайға «Почетный Киргиз» («Құрметті қырғыз») атағын беріп, 3 разрядтағы кафтан (1876) кигізіп, аңшы мылтығымен (1890) мара-паттаған үкімет [1, 42], енді осылайша ақынға ешуақытта сенбейтіндігін де білдірген еді.

Ақынның ел басқару ісіне араласуы белгілі дәрежеде өз замандасты, ұлы ғалым Шоқан Уәлихановтың 1862 жылы Атбасар округының аға сұлтаны қызметіне дауысқа түсіп, «өз өнегесімен жерлестеріне білімді сұлтан-правительдің» қаншалықты пайдалы болатындығын» дәлелдеуге тырыскандығын еріксіз еске салады [2, 150].

Бүтін біз Абайдың қазақ болмысын терең бойлай түсінуіне жол ашқан осы ел басқару ісіндегі болыстық және билік қызметі болғандығы жөнінде сенімді айта аламыз. Абай отаршыл билік жүйесі мен халықтың ара қатынасын сырттай бақылау арқылы емес, басқарушы билікке тікелей араласа жүріп көзімен көрді, сыншыл ой елегінен өткізіп таныды. Сондықтан да Абай сияқты ұлы талант иесінің мемлекеттік басқару ісіне (мейлі ол болыстық басқару буыны деңгейінде болсын) араласуы ұлттық қоғамдық ойдың жаңа сапаға көтерілуіне негіз болғандығын мойындауымыз қажет.

Абай сол тарихи мезгілдегі патшалық сайлау жүйесінің қазақ қоғамы үшін аса зиянды індетке айналғандығын, қазақ халқын «бұзықшылықта тартып, жылдан жылға төмендеп бара жатқанын» көріп, одан құтылмай, ел ісінің онбайтындығын терен үғынды.

Басқаша айтқанда, Абай отаршыл биліктің бұрыннан келе жатқан ұлттық мінез, болмыстағы кемшіліктерді тереңдеп жібергенін көзімен көріп, бұл үдерісті жаңымен сезінген ойлы тұлға. Ақынның қара сөздерінде бұл дағдарыстық құбылыстың нақты көрінісі берілген. Ұлы ақын оны жеке тұлғага, әлеуметтік топтарға байланысты береді.

«Он төртінші сөзінде» ол: «Тірі адамның жүректен аяулы жері бола ма? Біздің қазақтың жүректі кісі дегені – батыр кісі дегені. Онан басқа жүректің қасиеттерін анықтап бере алмайды. Рахымдылық, мейірбандылық, әр түрлі істе адам баласын өз бауырым деп, өзіне ойлағандай оларға да игі іс тілемек, бұлар – жүрек ісі...

Жұрттың көбінің айтып жүрген мықты жігіт, ер жігіт, пысық жігіт деп ат қойып жүрген кіслерінің бәрі – бәлеге, жаманшылықта бейім(?)... Әйтпесе құдайға терістіктен, не ар мен ұятқа терістіктен сілкініп, бойын жиып ала алмаған кісі, үнемі жаманшылықта, мактанға салынып, өз бойын өзі бір тексермей кеткен кісі, тәуір жігіт тұтіл, әуелі адам ба өзі?» – [3, 163] деген негізіді тұжырымға келеді.

Абай талдауынан өтпеген, Абай сынына ілінбеген қазақ қоғамында әлеуметтік топ жоқ десе де болады.

«Жырма екінші сөзінде» ол: «Дәл осы күнде қазақтың ішінде кімді жақсы көріп, кімді қадірлейді деп ойладым.

Байды қадірлейін десен бай жоқ. Бай болса өз басының, өз малының еркі өзінде болмас па еді? Ешбір байдың өз малының еркі өзінде жоқ...

Мырзаларды қадірлейді десен, осы күнде анық мырза елде жоқ, мал бергіш мырза иттен көп. Біреу бір пайдама келтірем деп мырза болып жур...

Болыс пен биді құрметтейін десен, құдай берген болыстық пен билік елде жоқ. Сатып алған, жалынып бас ұрып алған болыстық пenen биліктің ешбір қасиеті жоқ...

Жә, кімді сүйдің, кімнің тілеуін тіледің?... ұры, залым, қуларға жеміт болып жүрген шын момындарды аямасаң, соның тілеуін тілемессен болмайды. Сонан басқаны таба алмадым» [3, 170-171], – деп күрсінеді.

Жоғарыда айтылғандай, Абайды түсіну, Абайдың сыны мен мұнын сол дәреже деңгейде қабылдап, қорыту қазақ зиялыштары мен қауымына женелгे түскен жоқ.

Кезінде, яғни өткен ғасырдың 50-60 жылдары, мектепте оқып жүргендеге бағдарламаға сәйкес Абайды біз де оқыдық. Оқыту әдісі мен ұстазымыздың шеберлігінде мін болған жоқ. Бірақ, біз Абайды сол кезден бастап-ақ тұра түсіне бастадық деп айта алмаймын. Шынын айтқанда, ұлы ойшыл бізден тым алыс еді. Қазір ойланып, өткенге ой жүгіртіп қарасам, менің бейкүнә замандастарымның Абайды тұра түсіне алмай қиналуы толық табиғи, заңды құбылыс екен. Өйткені сол тұстағы мектеп бағдарламасындағы ойшыл ақын Абай алды мен артында ешкім жоқ, қайырызыз, қатал сахарарада жалғыз қалып, сары уайымға шегілген шерменде жан еді.

Кейін барып түсінгеніміздей, бұл тарихи және ғылыми шындықтан мүлдем алшақ, бірақ партиялық идеологияға тиімді Абай болатын. Олай болса тарихи, ғылыми шындық қайда, шын Абай кім?

XIX ғасырдың соны XX ғасырдың басында, яғни отарлық езгі мен ортағасырлық нағандық екі жағынан бірдей езген қоғам жағдайында өмір сүрген ұлы ойшылдың алдында Шортанбай, Дулат, Мұрат сияқты алыптар салып, «Зар заман» атанған мектеп, артында Әлихан, Ахмет, Міржақып, Мағжан, Сұлтанмахмұт, Жүсіпбек, Омар Қарааш сияқты «Азаттықтың алтын айына қол сермеп», сол жолда мерт болған Алаш қасиетті ұрпақ бар еді.

«Өлеңі бірі – жамау, бірі – құрау» деп өзінен бұрынғы ағаларына сақтана қараганымен, өзі өмір сүрген ортанды танып

білуде «бұрынғы жақсылардан өрнек қалған» деп, олардан үйренуден қашпаған Абайдың өзінен кейінгілерге бергені де аз болған жоқ.

Абай жастарды, халқын білім мен өнерге шақырды. Жай, құрғақ, тек пайда әкелстін білім емес, надандықтан, құлдықтан құтқаратын, жарыққа алып шыға алатын білімге шақырды.

Сонымен бірге, кейінгі уақыт көрсетіп бергендей, Абай қалдырған мұраның тағы бір өзегі – ол өзіне, өзгеге сын көзben қарau болса керек. Абай сыны бұл жай қүйректікке жетелейтін сын емес, іс пен әрекетке жол ашатын сын болатын.

Қажырлы қызметімен XX ғасырдың басында ұлт өміріне жана серпін берген Әлихан Бекейханов бастаған зиялымдар буыны Абай мұрасынан нәр алды. Абайдың бастаған ісін ақын ретінде – Магжан, философ-ойшыл ретінде – Шәкәрім, саясаткер ретінде – Әлихан, Ахмет, Халел, Мұстафа және басқалар жалғастырды.

Қазақ қоғамының әлеуметтік дерптін байқап-тануда және оларды сынға алуда ғасыр басындағы қазақ саясаткерлері, ойшылдары мен жазушылары Абайдан үлгі алды, өздерін ұлы ақынның шәкірті санады.

Бас-басына би болған өңкей қиқым,  
Мінеки, бұзған жоқ па елдің сиқын?  
Өздерінді түзелер дей алмаймын,  
Өз қолындан кеткен соң енді өз ырқын, –

деген Абайдың сын мектебі Әлихан, Ахмет, Міржақыптарға қазақ қоғамын терең түсіну үшін ғана емес, ең алдымен оны түбекейлі өзгерту үшін керек болатын.

Сөз ретінде қарай, айта кетейін Абайдың немере інісі Шәкәрім, ұлы Тұрағұл, шәкірті әрі ағайыны Кәкітай және басқа ағайынтыстыры Алаш қозғалысына атсалысты, оған тілекtes болды. Тарихи шындықтың бір қыры – осындай.

Корыта айтқанда, қазақ қоғамдық ойына Абайдың ізін ала келген үрпақ ұлы ақынның перзенті Әбдірахманмен замандас «жана жолдың басшысы», қайғы-қасіретке бой алдырудан халық-

тың халінің өзгермесін терең түсінген, түсініп сапалы іс-әрекетке көшкен ұрпақ болатын. Ис-әрекетін бұлар да ағартушылықтан бастады. Олардың ағартушылығы халыққа, оның болашағына кәміл сенген, сондықтан да, алдымен оның өзін оятуды мақсат тұтқан ағартушылық болды. Соның нәтижесінде Әмірге ұлтазаттық идеологиясы келді, ұлттық мемлекеттікті қалпына келтіру ісі қолға алынды, осы мұратты көздеген Алаш қозғалысы нақты күшке айналды.

Міне, осы тұрғыдан алғанда да, Абай – нағыз ұлттық құбылыс, әрқашан да ізденіске, өзінді терең түсінуге, басқаны сыйлауға, мына жарық дүниеде өзінмен және өзгемен жарасымды Әмір сүруге меңзейтін биік тұлға.

### **Әдебиеттер**

1. Байгалиев Б. Абай өмірбаяны архив деректерінде. – Алматы, 2001.
2. Валиханов Ч.Ч: Собрание сочинений в 5 томах. Том 5. – Алматы, 1985.
3. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. II том. – Алматы, 1977.

## ТҮСІНІКТЕР

1. Қойгелдиев М. Абай тұлғасы мен мұрасының қазақ тарихындағы орны. Бұрын баспасөзде жарияланған. Қазақтың бас ақыны: халықаралық гылыми-теориялық конференция материалдары / құраст. С. Корабай. – Алматы: Дәуір, 2004. – 10-16-беттер.
2. Медетбеков Т. Менің Абайым! Бұрын баспасөзде жарияланған. Сөзстан (Жас қаламгерлер кітапханасы). – Алматы: Жалын, 1986.
3. Жұртбай Т. Қарақек. Бұрын баспасөзде жарияланған. Жұртбай Тұрсын. Құнанбай: тарихи және әдеби тұлға. – Алматы: Алаш, 2004. – 20-60-беттер.
4. Негимов С. «Қайтып шығар ілімнен...» Бұрын баспасөзде жарияланған. Абай институтының хабаршысы. – 2012. – №3 (15). – 57-64-беттер.
5. Шеріп А. Абайдың «жазуы мен айтуы»: жаңа ментальдік жолында. Бұрын баспасөзде жарияланған. Абай институтының хабаршысы. – 2012. – №3 (15). – 57-64-беттер.
6. Жеменей И. Абай және әл-Фараби. Бұрын баспасөзде жарияланған. Абай институтының хабаршысы. – 2012. – №3 (15). – 65-75-беттер.
7. Ісімақова А. Абай мұрасы – бүтінгі рухани қажеттілік. Бұрын баспасөзде жарияланған. Абай және қазіргі қазақ әдебиеті: республикалық гылыми-теориялық конференцияның материалдары. – Алматы, – 2007. – 15-28-беттер.
8. Қамзин К. «Семипалатинские областные ведомости» газеті Абай айналасы туралы. Бұрын баспасөзде жарияланған. Абай институтының вебсайты.
9. Тайшыбай З. Ескендір әңгімесі. Бұрын баспасөзде жарияланған. Тайшыбай Зарқын. Абайтану арнасында (1889-1916). – Петропавл, 2009. – 182-203-беттер.
10. Айтқазин Т. Абай философиясындағы адам мұраты. Бұрын баспасөзде жарияланған. Абайдың дүниетанымы мен философиясы. – Алматы: Фылым, 1995. – 155-167-беттер.
11. Ысқақұлы Д. Аудармадағы Абай дәстүрі. Бұрын баспасөзде жарияланған. Абай институтының вебсайты.
12. Қоңыратбаев Т. Абай Құнанбайұлы. Бұрын баспасөзде жарияланған. Әлемдік өнертану. III том. Музыка өнері. Тынысбек Қоңыратбай. 306-310-беттер.
13. Борбасов С. Абай тағылымы // Ақиқат. – 1995. – №1. – 61-64-беттер; Ақиқат. – 1995. – №2. – 61-63-беттер.
14. Шапай Т. Тынныштық метафорасы. Бұрын баспасөз бетінде жарияланған: Шапай Т. Шын жүрек – бір жүрек: Эссе. Әдеби сын. Зерттеу. – Алматы: Жазушы, 1999. – 69-81-беттер.

15. Кемелбаева А. Гете мен Абай // Жұлдыз. – 2011. – №1; Жұлдыз. – 2011. – №2.
16. Ахметбекова А. Йасауи мен Абайдың поэтикалық дәстүрі. Бұрын баспасөзде жарияланған. Юбилейный альманах Института развития Казахстана. 150-летию Абая. – Алматы: Институт развития Казахстана, 1995. – 43-49-беттер.
17. Палтере І. Абай шығармаларындағы Алланың көркем есімдерінің кейіріне лексика-семантикалық талдау. Бұрын баспасөзде жарияланған. Абай институтының хабаршысы. – 2012. – №4 (16). – 77-81-беттер.
18. Сейітова А. Абай мен Сағди поэзиясындағы ұқсас ой сарындары. Бұрын баспасөзде жарияланған. Абай институтының хабаршысы. – 2012. – №4 (16). – 64-69-беттер.
19. Рахимов Қ. Абайдың даналық философия ғылымы деңгейіндегі көрінісі. Бұрын баспасөзде жарияланған. Юбилейный альманах Института развития Казахстана. 150-летию Абая. – Алматы: Институт развития Казахстана, 1995. – 50-62-беттер.
20. Раев Қ. Абай шығармашылығындағы рухани құндылықтардың мәні. Бұрын баспасөзде жарияланған. Абай және қазіргі қазақ әдебиеті: республикалық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. – Алматы, 2007. – 100-104-беттер.

## МАЗМҰНЫ

Койгелдиев М. <b>Абай тұлғасы мен мұрасының</b> казақ тарихындағы орны .....	3
Медетбеков Т. <b>Менің Абайым!</b> .....	12
Жүртбай Т. <b>Қаракөк</b> .....	26
Негимов С. « <b>Қайғы шығар ілімнен...</b> » .....	68
Шеріп А. <b>Абайдың «жазуы» мен айтуы:</b> жаңа ментальдік жолында .....	76
Жеменей И. <b>Абай және әл-Фараби</b> .....	84
Ісімақова А. <b>Абай мұрасы – бүтінгі</b> рухани қажеттілік .....	91
Қамзин К. « <b>Семипалатинские областные</b> <b>ведомости</b> » газеті Абай айналасы туралы .....	106
Тайшыбай З. <b>Ескендір әңгімесі</b> .....	124
Айтқазин Т. <b>Абай философиясындағы</b> адам туралы .....	145
Ысқақұлы Д. <b>Аудармадагы Абай дәстүрі</b> .....	158
Қоңыратбаев Т. <b>Абай Құнаанбайұлы</b> .....	198
Борбасов С. <b>Абай тағылымы</b> .....	203
Шапай Т. <b>Тыныштық метафорасы</b> .....	219
Кемелбаева А. <b>Гете мен Абай</b> .....	234
Ахметбекова А. <b>Йасауи мен Абайдың</b> поэтикалық дәстүрі .....	251
Палтөре Ы. <b>Абай шығармаларындағы</b> <b>Алланың көркем есімдерінің кейіріне</b> лексика-семантикалық талдау .....	258
Сейитова А. <b>Абай мен Сағди поэзиясындағы</b> ұқсас ой-сарындары .....	270
Рахимов К. <b>Абайдың даниалық философия</b> тылымы деңгейіндегі көрінісі .....	284
Раев К. <b>Абай шығармашылығындағы</b> рухани құндылықтардың мәні .....	298
<b>Түсініктеп</b> .....	304

Оқу басылымы

**АБАЙТАНУ  
ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР  
VII том  
Ойлар мен толғаныстар**

Күрастырып, түсініктерін жазғандар:  
П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ

Редакторы *K. Мухадиева*  
Компьютерде беттеген *Y. Әбдиқайымова*  
Мұқабасын безендірген *K. Өмірбекова*

**ИБ№9141**

Басуға 26.01.16 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16.  
Көлемі 19,2 б.т. Офсетті қағаз. Сандақ басылыш. Тапсырыс №4356.  
Таралымы 50 дана. Бағасы келісімді.  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің  
«Қазақ университеті» баспа үйі.  
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.